

АЗАМАТ. ТҰЛҒА. ҰСТАЗ

Аңдатпа

Мақалада Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қазақ дипломатиясының қалыптасуына және дамуына қосқан үлкен үлесі қарастырылады. Автор оның халықаралық аренадағы орны мен қазіргі әлемдік мәселелерді шешуге қосып жүрген үлесі, Қазақстандық дипломаттарға жол көрсетер ұлағатты ұстаздық рөлін атап көрсетеді.

Негізгі сөздер: қазақ дипломатиясы, сыртқы саясат, мемлекеттік қайраткер, тұлға.

Аннотация

Статья посвящена большому вкладу Касым-Жомарта Кемеловича Токаева в становление и развитие казахстанской дипломатии. Автор отмечает его высокую позицию на международной арене, роль в качестве наставника для казахстанских дипломатов и его вклад в решение глобальных проблем.

Ключевые слова: казахстанская дипломатия, государственный деятель, внешняя политика, личность.

Abstract

The article is devoted to the great contribution of Kasim-Zhomart Kemelovich Tokayev to the establishment and development of Kazakhstan's diplomacy. The author notes his position in the international arena, his role as a mentor for Kazakh diplomats and contribution to tackle today's global problems.

Keywords: Kazakh diplomacy, statesman, foreign policy, personality.

Қандай мемлекеттің болмасын тарихи даму жолында оның халқының уақыт тезіне түсіп, күрделі сынақтарға, дәуірдің дауылдарына тап келіп, алмағайып замандарды бастан кешетін кезеңдерден өтетіні белгілі. Біздің ұлы жұртымыз – қазақ халқы елдігін орнатып, оны көздің қарашығындай сақтап, еңсесін тіктеудің сан ғасырлық ұзақ сапарында әрбір белестегі ұрпақтар бетпе-бет келген қилы замандарды бастан өткерді. «Егеулі найзасы қолдан түспей, аттары ауыздықпен су ішкен» жаугершілік-батырлық жылдар жадымыздан өшкен жоқ, «ақтабан шұбырынды» аласапыран мезгіл, «күдеріден бау тағып, күреңке киген» бұла кездерді, енді бірде осындайды көтеріп тұра алмай қалған тұрлаусыз сәттер де өтті. Ең бастысы елдіктің тұғырын құлатпаудың ұлы мұратынан ажырамай, жан алысып жан беріскен айқас пен күрес ешқашан толастамады. Кешегі хандар мен батырлардың байрағын құлатпау үшін тарих сахнасына Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатовтар бастаған Алаш қайраткерлері, Ұзақ, Жәмеңке сынды халық батырлары көтеріліп, XX ғасыр алға тартқан бұлғақ заманда елдіктің іргетасын қалап үлгеру ісіне бастарын тікті, олардың өшпес рухы Желтоқсандағы жастардың жарқын бейнесінде қайта жаңғырды. Осынау көзге көрінбейтін, тек қана жүрекпен, қанмен, ұлттық қасиетпен ғана сезінуге болатын ұрпақтар үндестігі халықтың қуатына ұласып, арада бір бес жыл өткенде азаттық аңсаған ұлысымыздың асқақ арманы мен аялы үмітіндей егемендікке қол жеткіздік.

Тарих толқындарына құлаш ұрған жас мемлекетіміздің тәуелсіздігі тұғырын орнықтыру үшін кейінгі жүз жыл көлемінде көпұлтты сипат алған Қазақстан халқы барша жауапкершілікті дер кезінде сезініп, сындарлы сәтте бірауыздан сайлаған Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев тағдырдың маңдайына бұйырған миссиясын орындауға құлшына кірісті. Ол алдағы нар мойны ғана көтере алатын ауыр жүкті қайыспай алып жүруге даяр айналасындағы тілектес азаматтардың басын біріктіруімен қатар, бұрынғы одақтық кезеңде қызмет бабымен елден жырақта жүрген білікті мамандарды түгендеп, олардың қызмет саласына, қарым-қабілетіне қарай жаңа мемлекет құру ісіне тартып, жауапты міндеттер жүктеді. Солардың қатарында жас болса да кеңестік дипломатияның кермек дәмін татып үлгерген Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев бар болатын. Оған бірден биік сенім көрсетіліп, алдымен Сыртқы істер министрінің орынбасарына, көп ұзамай осы салаға басшылыққа тағайындалды. Қырықтың қырқасына енді шыққан жастығына қарамастан, Қасым-Жомарт Кемелұлы дипломатия саласының қыр-сырын бар болмысымен сезіне білетін кәсіпқой маман екендігін дәйім дәлелдеп, қазақ жұртының дүниежүзілік қоғамдастықтан өзіне лайықты орнын иемдену мақсатында Елбасының алға қойған ауқымды міндеттерін ретімен, сәтімен орындауға кірісіп кетті. Ол кезеңде әлемдегі

іргелі мемлекеттермен, әсіресе кеуделі Батыспен келісіп, шытырман Шығыспен тіл табысып, «Азияда бәрі бір көрпенің астында ұйықтайды, бірақ әрқайсысы әртүрлі түс көреді», – деп Қытай Төрағасы Дэн Сяопиннің тап басып айтқан алуан Азиямен, соның ішінде кешегі одақтас ендігі көршілес республикалармен ара-жікті ажыратудың қым-қуыт шырмауы, күрделі күрмеуі тұрған. Оның үстіне тәубасынан торығуы көп тоқсаныншы жылдары шаруашылық жүйесі толық күйреп, елдің тұрмысының тұралап қалған шағы-тұғын. Ал, сыртқы саясаттың оңға басуы елдің әлеуметтік-экономикалық ахуалымен ұштас, сабақтас екендігі аян.

Жетпіс жыл бойы дүниежүзінің екі лагерге бөлініп, демек екі жүйеге, мүлде қарама-қайшы құндылықтарға бағынып, бір-біріне қырғи-қабақ қарап келуіне себепкер болған алып Кеңестік империяның күйреуіне қол жеткізген күштер, ендігі кезекте одан тараған республикаларды өз аясына тартуға, ықпалын жүргізуге деген түпкі ниеттерін жасырған жоқ. Бұл мүдде жолында олар әрқилы шараларға, соның ішінде іштен де, сырттан да іріткі салу, от тастау, алдамшы, түбі баянсыз идеяларды тықпалау тәрізді қауіпті қитұрқылықтардан тартына қоймаған. Олай болса, министр Тоқаев бастаған қазақ дипломатиясының бұл кезеңдегі ең ірі жеңісі деп іштегі көпұлтты тұрғындардың баршасының өзара татулықта, бейбіт өмір сүріп, ұрпағының ертеңіне алаңдамай, еркін ғұмыр кешуіне жағдай жасау үшін сырттан келуі ықтимал қатерлерге жол бермей, ешбір елмен жанжал ошақтарының туындауын болдырмауға қол жеткізе алған табысын атаған абзал. Ресми тілге көшіргенде – мемлекеттің орнықты дамуына қажетті сыртқы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсаты толыққанды жүзеге асырылды.

Қ.Тоқаев екі мәрте жетекшілік жасаған жылдары сыртқы саясат ведомствосы халықаралық қатынастарда Қазақстан басшысының айтулы бастамалары мен батыл қадамдарына лайықты қолдау көрсетіп, олардың жүзеге асырылуына игі алғышарттар жасады. Солардың қатарында Кеңес одағынан мұраға қалған ядролық қаруға қатысты түйінді тарқату, Тәуелсіз мемлекеттер достастығының қалыптасуы, мемлекеттік шекараны белгілеп бекіту, Біріккен Ұлттар Ұйымы бастаған ықпалды халықаралық ұйымдарға мүшелікке қабылдану әрі оларда мығым орнығу, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес және өзге де Қазақстанның төл бастамаларын ілгерілету, Шанхай ынтымақтастық ұйымы құрылымының қарқын алуы сынды ауқымды іс-шараларды атаудың жөні бар.

Әйгілі француз жазушысы Альбер Камью «Неміс досыма хатында» «...менің отаныма деген махаббатым әділеттілікке деген махаббаттан ажырамауы тиіс. Мен отаныма кез-келген ұлылықты тілемеймін, қан төгу мен жалғандықтан тұратын ұлылықты тілемеймін. Мен әділеттілікке қызмет ете отырып, отаныма қызмет жасағым келеді», – деп, Францияның ұлы мемлекетке айналуының сыры – оның ұл-қыздарының бейбіт заманда ғана емес, басқыншылықтың қорлығына тап болған ауыр кезеңнің өзінде өз Отанына әділеттілікпен қызмет ету, адамгершілік қасиеттерді сақтай білуінде жатқанын жазған еді. Осы тұрғыдан қарасақ, азамат Қасым-Жомарт Кемелұлы қай салада болмасын мемлекеттік жоғары лауазым атқарған кезеңінде туған еліне әділеттілікпен қызмет етудің кіршіксіз үлгісін таныта білді. Солай боларына қапысыз сенгендіктен де Президент Н.Назарбаевтың ұсынуымен ол әр жылдары Қазақстанның Премьер-Министрі, Мемлекеттік хатшысы, Парламент Сенатының Төрағасы сынды жоғары мемлекеттік лауазымдарды абыроймен атқарды.

Алаштың ардақты ұлы Мұстафа Шоқай «Жаман халық деген жоқ, жаман адамдар бар; адамгершілігі мол мемлекет деген болмайды, адамгершілігі мол адамдар болады» деп жиі айтқан екен. Демек, дүние дидары оны жасаушы жеке адамдардың ой-өрісіне, іс-әрекетіне көп байланысты. Қазақ халқының бағына орай дәуірдің бұлғақ кезеңдерінде қалың жұртты қыспақтан алып шығатын ай маңдай ұл-қыздары дүниеге келіп отырыпты. Саяси лексикада «мемлекетшіл» деген термин бар. Мұның мағынасы ойлау жүйесі мен іс-әрекетінің сипаты жалпыұлттық, мемлекеттік деңгейге көтерілген қайраткерлерді білдірсе керек. Қазақ ордасын тіккен ұлы хандары мен білекті батырлары, кешегі қапыда кеткен Алаш зиялылары, олардың жолын кеңестік жүйе кезінде де үзбей жалғастырып отырған Мұхтар, Қаныш, Ілияс, Бауыржан, Жұбан сынды азаматтар, қазіргі замандастарымыз – желтоқсанда ұлттың намысын аяққа тапталпау үшін аязда алаңға шыққан жастарға дейін мемлекетшіл тұлғалар болғаны даусыз. Тәуелсіздігімізге екі аяғы тең дейтін жиырма екі жыл толатын жақсы ырымды биылғы жылы ағалық жастың асқарына көтеріліп отырған Қасекеңнің еліне, қазақ қоғамына сіңірген еңбектерін шола отырып, оның сөздің шын төркініндегі мемлекетшіл азамат, қайраткер, тұлға екендігін айтудың орайы келгені анық.

Бүгінде қазақ баласы, тіпті Азия құрылығының өкілі бұған дейін қол жеткізе қоймаған дүниежүзілік дәрежедегі жоғары лауазым – Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Хатшысының

орынбасары, осынау мәртебелі әлемдік Ұйымның Женева бөлімшесінің Бас директоры лауазымына тағайындалуына Қасым-Жомарт Кемелұлының халықаралық сахнада мойындалған зор беделі, батыс пен шығыстың басын түйістіре аларлықтай мәмілегерлік шеберлігі, жан-жақты терең білімі мен сом тұлғалы, биік парасат иесі екендігі шешуші рөл атқарғаны күмән туғызбайды. Расында, мемлекет басшысының қолдауына ие болып, ұзақ жылдар оның сенімді серіктерінің бірі ретінде ең алдымен өз Отанына, ұлтына адал еңбек етудің қалтқысыз үлгісін танытқан қазақ азаматының әлемдік көлемдегі тұлғаға айналып, жалпы адамзаттық ауқымдағы құндылықтар мұратына қызмет етуге ұсынылуын уақыт талабы, заманауи әділеттік, тіпті табиғи заңдылық деп қабылдасақ та жарасады.

Дүниежүзінің 118 мемлекетінің өкілдерін біріктірген, сан-түрлі әдет-ғұрып, наным-сенімдегі, алуан тілде сөйлейтін 1500 қызметкерден тұратын БҰҰ Женева бөлімшесі қазіргі ғалам бетпе-бет келіп отырған жаһандық мәселелер: адам құқықтары, қарусыздану мен қауіпсіздік, мемлекеттердің аумақтық тұтастығы, гуманитарлық жайттар мен климаттың өзгеруіне дейінгі адамзатты толғандырып отырған сауалдармен айналысуда. Бұл мәселелердің қай-қайсысынан Қазақстанның да тыс қалмайтынын айтсақ, оның қақ төрінде қазақ баласының отыруынан асқан мәртебе бар ма! Мұндай мерейлі жайтқа «сап, сап көңілім...», дей отырып, оның ешқайсысы оңайлықпен, өздігінен-өзі келмейтінін бағалай білу керек, әрине. Төткүл дүниеге кең тараған ағылшын, қытай, француз тілдерін жетік меңгерген БҰҰ Бас Хатшысының орынбасары қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарына берген сұхбаттарының бірінде қазіргі уақытта қай тілдерді көбірек қолданатындығын айта келіп, сонау Альпі тауларынан асып Женеваға жетіп тұратын қазақ басылымдарын үзбей оқитынын, иә, ана тілінің абыройын асыра түседі. Егемендіктің алғашқы таңы атқан күннен еншісіне таласып келе жатқан, әлі де өз шаңырағындағы асыл тұғырына түпкілікті орнай қоймаған қазақ тілінің мемлекеттік мәніне Қасекеңнің әрдайым терең саяси түсіністікпен, ұлтжандылық ниетпен қарағандығына куәміз. Белгілі себептермен біраз жылдарды елден жырақта өткізгенімен, туған топырағына қайта оралған күннен бастап қасиетті ана тіліне деген терең құрметін таныта білді. Бұл орайда ол көзін ашқаннан бері Қазақстанның шеңберінен шықпаса да өз тілін өзекке теуіп жүрген кейбір өресіз жандарға азаматтықтың адастырмас жолын көрсетіп келеді.

«Биік мұнара да жерден басталады» деген шығыс нақылына сүйенсек, ата-жұртқа алаңдап, қазақ баспасөзін қадағалап отыруының өзінен Қасекеңнің ел деп елендеп, жүрек лүпілінің жұртым деп соғып тұрғаны аңғарылады. Қауырт жұмыстардан қол босай қалған сондай бір сирек сәттерде оның көз алдына ғарышпен астасып жатқан қазақтың байтақ даласы, сол сайын дала төсінде алыстан жарқыраған елорда Астана, әлбетте ақ бас Алатаудың асқақ шыңдары, оның баурайындағы құт-берекелі Алматы, аяулы ата-анасының асыл бейнелері, дос-бауырлар ортасындағы көзден де көңілден де кетпес оттай ыстық көріністер келер. Анасының шақыруынша Жомарт қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасы қалған, детектив жанрының негізін қалаған көрнекті қаламгер, соғыс ардагері, Қазақ ССР Жоғары Кеңесі аппаратында жауапты қызметтер атқарған Кемел Тоқаевтың отбасында дүниеге келгені мәлім. Сол кезеңдегі ұлттық интеллигенция өкілдері жиі жиналатын қонақжай шаңырақтағы әңгіме өзегіне айналған әдебиет пен мәдениет, қоғам мен саясат тақырыбына бала кезінен қанығып өскен Қасым-Жомарт Кемелұлының өз қаламынан «Бұл қалай болды», «Тәуелсіздік туы астында», «Жаһандану жағдайындағы Қазақстанның сыртқы саясаты», «Беласу», «Нұр мен көлеңке», «Әке туралы толғау» атты қалың монографиялары мен еңбектер жарық көрді. Бірнеше кітаптары дүниежүзінің көптеген тілдеріне аударылды. Соның ішінде, доктор Қ.Тоқаевтың уағында Астанадағы қазақ мектептеріне, Еуразиялық университет студенттеріне, Алматы мен облыс орталықтарындағы жоғары оқу орындарының қазақ бөлімдеріне тегін таратылған «Тәуелсіздік туы астында», «Беласу» монографиялары әлемдік саясаттың қалтарыс-қатпарларын ақтарып, ондағы әйгілі кейіпкерлердің өмірі мен қызметінен қызықты мәліметтер беруі өз алдына, ең алдымен бұл еңбектерді қазақстандық дипломатия бастауының деректі, тіпті көркем шежіресі деуге әбден болады. Автордың онсыз да тапшы уақыттан үзік тауып бұл салмақты еңбектерді жазудағы мақсаты да кейінгі буындардың қажетіне жарайтын тағлымды оқиғалар жөнінде ой бөлісуден туса керек. Расында, алғашқыда ұжымы жас адамдардан жасақталған сыртқы істер мекемесіне екі мәртелік басшылығы жылдарында Қасым-Жомарт Тоқаевтың өз мектебі, айшықты дәстүрлік қолтаңбасы қалыптасқаны мәлім. Кешегі жас дипломаттардың бұл күнде қанаттары қатайып, Қазақстанның мемлекеттік қызметінің көптеген салаларында, әрине,

алдымен сыртқы саясат ведомствосындағы жауапты лауазымдарда, шет елдерде Төтенше және Өкілетті елші қызметтерінде республикамыздың халықаралық мүдделерін қорғау бағытында абыроймен қызмет атқаруда. Осы орайда мынадай бір шағын оқиға еске түседі: бірде кабинетінен шыққан министр Қ.Тоқаев дәлізде асығып келе жатқан жас дипломаттың қолындағы қағаздарын шашып алғанын көріп, сәл кідіріп оны еденнен жинастырып алуға көмектеседі де, «кінәліге» байыппен ғана: «құжаттарға абай болу керек», – дейді. Осы сәт еске түскен сайын ойға қаламыз, расында, Қасекең сол бір шашылған қағаздарды ғана емес, әр саладан келген көптеген жас дипломаттардың бытыраңқы ой жүйесін де жинақтап, орнықты мінез, бұлтартпас бағыт берген ұлағатты ұстазға айналғаны кәміл.